

## **Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне өзгеріс енгізу туралы**

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 30 шешімі

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

1. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымша мынадай мазмұндағы 137 - 139-тармақтармен толықтырылсын:

"137. Алдын ала сақтандыру шығару тәртібін бекіту.

138. Трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жай-күйі және олардағы бәсекелестіктің жалпы қағидалары бұзылуының жолын кесу жөнінде қабылданатын шаралар туралы есепті дайындау тәртібін бекіту.

139. Одақ туралы шарттың 76-бабының 3 – 5-тармақтарына сәйкес жол берілмейтін шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектісінің) келісімдер жасасу туралы , сондай-ақ оған қатысу туралы ерікті өтініші кезіндегі жауапкершіліктен босату тәртібін бекіту."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап, бірақ ерте дегенде 2019 жылғы 1 қазанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама күшіне енген күннен кейін күшіне енеді.

### **Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:**

|                        |                              |                        |                        |                       |
|------------------------|------------------------------|------------------------|------------------------|-----------------------|
| <i>Армения</i>         | <i>Беларусь Республикасы</i> | <i>Қазақстан</i>       | <i>Қырғыз</i>          | <i>Ресей</i>          |
| <i>Республикасынан</i> | <i>асынан</i>                | <i>Республикасынан</i> | <i>Республикасынан</i> | <i>Федерациясынан</i> |